

# Солтүстік Қазақстан облысы МТС-терінің комбайншыларына Социалистік Еңбек Ері атағын беру туралы

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1950 жылғы 27 апрельдегі Указына сәйкес, 1951 жылы дәнді дақылдарды жыйнау және бастыру жұмысында зор табыстарға жеткені үшін төменде аталғандарға Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, Ленин ордені мен «Орақ пен балға» алтын медалі қоса тапсырылсын:

1. Пономарев Петр Васильевиче — Интернационал

МТС-нің комбайншысы, 35 жұмыс күні ішінде «Сталинец—6» қос комбайнмен жыйналған егіннен 12 мың 803 центнер дәнді дақыл бастырған.

2. Шаарц Христьян Федоровичке — Петропавл МТС-нің комбайншысы, 35 жұмыс күні ішінде «Сталинец—6» қос комбайнмен жыйналған егіннен 14 мың 343 центнер дәнді дақыл бастырған.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі

Н. ШВЕРНИК.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары

А. ГОРКИН.

Москва, Кремль. 21 июнь, 1952 жыл.

# І ТУЫ

МИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

июнь Сейсенбі

Шығуына 33 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## дениеті Жемшөп молшылығы үшін күрес күшейтілсін

Колхозшылар мен колхозшы әйелдер! Сапалы шөп—мал үшін ең құнарлы азық. Шөп жыйнауды мерзімінде және сапалы өткізу үшін күресейік!

### Аудан партия ұйымының жемшөп қорын жасау жөніндегі міндеттері

Большевиктік партиямыз бен совет мемлекеті қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендетуді қамтамасыз ету үшін берік жемшөп қорын жасау қажет екенін атап көрсете келіп, бұл жөнінде жергілікті партия, совет ұйымдарына аса маңызды міндеттер жүктейді. Қоғамдық мал шаруашылығы үшін берік жемшөп қорын жасау — ең негізгі міндеттердің бірі. Мұны біз аудан колхоздары мен совхоздарының жылма-жылғы тәжірибесінен айқын көріп жүрміз.

Булаев ауданының колхоздары мен совхоздарында 1951—1952 жылдардағы мал қыстату маусымында елеулі қиыншылықтар кездесті. Ең алдымен қоғамдық мал құнарлы азықтармен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілмеген болатын. Сонымен қатар, жемшөпті ысырапсыз пайдалану жөнінде нақтылы күрес жүргізілмегендігін де мойындауымыз керек. Мұның ақыры бірқатар колхоздар мен совхоздарда малдардың құнарлы азықпен та-

★  
В. КУРЛОВ,  
ҚК(Б)П Булаев аудандық комитетінің  
секретары

★  
лективі 10 жұмыс күні ішінде көктемгі егісті аяқтап, пар жырту жоспарын тағайындалған мерзімде 100 процент орындап шықса, кәзір оңтүстік қазақстандықтардың шақыруына үн қоса отырып, біржарым жылдық жемшөп қорын жасау жөніндегі өздерінің алған міндеттемелерін аброймен жүзеге асыруда.

Пішен жыйнау науқаны басталғаннан бергі уақыт ішінде аталған совхоздың коллективі 1087 гектар жердің шөбін шауып, 4 мың центнер мал азығын дайындады. Оның ішінен 3700 центнері кәзірдің өзінде мал қоралары жанына тасылып ұйылды.

Міне, бұл—коллективтің қажырлы еңбегінің нәтижесі.

секретарьлары кемшіліктерге көріне-көзге тезіп отыр.

Бірқатар колхоздардың председателдері мен бастауыш партия ұйымдары секретарьларының жұмысты өздері кідіртпін отырғандығын тура айту керек. Мәселен, Ленин атындағы колхоздың председателі Ахмалишев, «Страна Советов» колхозының председателі Бақанов жолдастар «шөп әлі жетілген жоқ, іріктеп шауып жүргенше, жаппай сыдыра шабатын боламыз, сәл күтіңкіреген жөн» деген зиянды пікірлердің шырмауында жүр. Ал, бұл пайдасыз төкпейілсудің мал қыстату маусымында үлкен зардабы болатындығын олар естерінен шығарып отыр.

Рас, аудандық партия комитетінің бюросы мұндай жайбарақаттықтарды кезінде қатты сынап, бастауыш партия ұйымдарын пішен дайындау ісіне нақтылы басшылық жасауға, пішеншілер арасында еңбек қарғының тұрғызуға міндет-

### Облыс кәсіпорындарында



Петропавл темір жол училищесінің токарлар бөліміндегі оқушы Виктор Никитин алған теориялық білімін практикалық істе ойдағыдай пайдаланады.

СУРЕТТЕ: токарь В. Никитин практикалық сабақ кезінде токарлық станокта жұмыс істеп тұр.



мұнымен бірге, колхозда екі жетікшілік мектеп, 100 балаға арналған ясли бар.

Алайда, кейбір жергілікті партия, совет ұйымдары мен мәдени-ағарту мекемелері колхоздардағы мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын жақсарту беруге жеткілікті басшылық жасамай келеді. Осының салдарынан бірқатар колхоздарда мәдени-ағарту мекемелерінің, әсіресе, кітапхананың, оқу үйінің, қызыл мүйістің және клубтың жұмысы мүлдем қанағаттанғысыз болып отыр. Мұндай колхоздарда кітапханалар, оқу үйлері және клубтар жұмысты оқта-текте ғана істейді. Кітапханалардың, оқу үйлерінің, қызыл мүйістердің кітап қоры өте аз, оның кітап қорын үздіксіз толықтырып отырумен ешкім шұғылданбайды. Мысалға Преснов ауданындағы Жарқын және Приеші ауданындағы Өрнек ауылдық Советтерін алайық. Бұл екі ауылдық Советтің екеуінде де қызыл мүйіс бар. Алайда, бұл қызыл мүйістер колхозшылардың өскен мәдени талабына сәйкес жұмыс істей отырған жоқ. Олар, көбіне-

жасап, кинокартиналардың әрбір колхоз-тіпті әрбір бригада сайын үздіксіз көрсетіліп отыруына жетіспеуі керек. Сонымен қатар, жұмыстың бұл участегіндегі кемшіліктерді дерезінде көріп, оны қолма-қол жөйін отыруы қажет.

Партия, совет және жергілікті мәдени-ағарту мекемелері әрбір колхозды ауыл-селода радио торабының болуына, оның тыңғылықты жұмыс істеуіне де жете назар аударуға тиіс.

Колхозды ауылдағы мәдениет орталығы — кітапхананың, оқу үйінің, қызыл мүйістің, клубтың, колхоз лекторийінің және басқа да мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын ойдағыдай ұйымдастырып, оларды еңбекшілердің мәдени дәрежесін, коммунистік саналылығын арттыра берудің күшті құралына айналдыру, сөйтіп, колхозды ауыл мәдениетінің бұрынғыдан да гүлдене беруін қамтамасыз ету — жергілікті партия, совет ұйымдарының бүгін таңдағы ең негізгі міндеттерінің бірі.

## Әрбір егін бригадасында балалар яслиі бар

**МЕРКЕ,** Жамбыл облысы. (ҚазТАГ). Мерке ауданындағы «Победа» ауылшаруашылық артелінің колхозшылары қоғамдық малға жемшөп дайындап жатқан Сарыоба жайлауында балалар яслилері ашылды. Көзір жас балалы әйелдердің бәрі де пішен шабуға белсеніп қатысуда, өйткені, артельдің барлық егіс бригада-

сында балалар яслиі мен бақшасы ашылды.

Ауданның барлық селолары мен ауылдарында балалар яслилері ұйымдастырылған. 12 колхозда балалар яслиі әрбір егін бригадасының жанынан ашылды.

## Пионер лагерлері қызметкерлерінің семинары

**ӨСКЕМЕН,** (ҚазТАГ). Шығыс Қазақстан облыстық комсомол комитеті облыстық кәсіподақтар советімен бірлесіп, пионер лагерлерінің бастықтары мен пионер вожатыйларының бескүндік семинарын өткізді.

Семинарға қатысушылар «Пионер лагерінде саяси-тәрбие жұмысы», «Мектеп жа-

сындағы төменгі класс балалары арасындағы жұмыс» деген және басқа тақырыптарда баяндамалар тыңдады.

Быйыл Шығыс Қазақстанда 30-дан аса пионер лагері жұмыс істейді. Жаз айларында бұл лагерлерде бес мыңдай мектеп оқушылары дем алады.

мысалға Ұзынкөл астық совхозының (директоры Аблаков жолдас, партия ұйымының секретары Грачев жолдас) алуға болады. Совхоз коммунистері жұмысшылар арасында большевиктік жалынды сөздерімен ұйымдастырушылық және жетекшілік роль атқарумен қатар, өндіріс озаттарының алдыңғы қатарлы тәжірибелерін кеңінен таратады, социалистік жарысты бүгінгі күннің талаптарына сай тәрменді түрде ұйымдастырып отыр. Бұл өзінің игі нәтижелерін де беруде. Совхоз кол-

лық жарамсыздықтан шөп машиналары мен тракторлар осы күнге дейін уақытының бірқатарын босқа өткізуде. Бұл ең аадымен тракторшылар мен машинистердің өз ісіне жауапсыз қарайтындығын көрсетеді. Олар машиналарын үнемі күтін отыру ісіне жете көңіл бөлмейді. Сондықтан да аталған ауылшаруашылық артельдерінде пішен дайындау қарқыны мейлінше баяу жүргізіліп келеді. Бірақ, амад не, мұндай шаруашылықтардағы партия ұйымдары, ең алдымен, олардың

кермен өткізілуіне. Міне, мұндай жағдайда және күшейткенде негізгі мал шаруашылығын және тәрбиеленуіне байланысты шаруаға

## Қызу қарқынмен

Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің үстіміздегі жылы мал азығының кемінде біржарым жылдық қорын жасау жөніндегі үндеуін Октябрь ауданындағы «Бірлік» колхозының мүшелері қызу қуаттап, шөп шабуды жедел қарқынмен жүргізуде.

**Е. Қанапин, Ө. Көшебеков, А. Асылбеков** жолдастар сыяқты машинистер стахановтық еңбектің тамаша үлгілерін көрсетуде. Олар өздеріне алған көтеріңкі міндеттемелерін аброймен орындап шығу үшін социалистік жарысқа қызу ұшта-сып, еңбек өнімділігін еселеп арттырып келеді. Осының нәтижесінде бұлар екі бескүндіктің ішінде 260 гектар жердің пішенін шапты. Осымен бірге, шабылған шөп мал қоралары жанына тасылуда.

**Д. ӘБІЛҚАСОВ.**

## Күніне 1,5 норма

Ленин ауданындағы «Новый путь» ауылшаруашылық артелінің колхозшылары мал азығын дайындауда күннен-күнге қызу қарқын туғызуда. Соның нәтижесінде мұнда 200 гектардан астам жердің шөбі шабылып, 960 центнер шөп маяға салынды.

Шөп шабуға стахановшы машинашы Иван Бубнов жолдас алдыңғы санға келеді. Ол күн сайын 30—35 гектар жердің шөбін шауып, белгіленген норманы біржарым еседен орындап жүр.

**Ж. ЖЫЛҚАЙДАРОВ.**

## Озаттарға теңелу

Өткен жылдың кемшіліктерін сабақ еткен Соколов ауданының алдыңғы қатарлы колхоздары оңтүстік қазақстандықтардың үндеуін қызу қуаттап, шөп шабуды алғашқы күннен бастап-ақ жедел жүргізуде. «Дозор Ильича» ауылшаруашылық артелінің колхозшылары шөп шабуға ауданда бірінші болып, жақсы өзірлікпен кірісті. Колхоз басқармасы пішеншілердің өнімді еңбек етуіне қолайлы жағдай жасап, алған міндеттеменің сөзсіз орындалуын қадағалап, бақылап отырды.

Осының арқасында бұл колхоз шөп шабуға ауданда алдыңғы қатарда келеді. Мұнда шабылған шөпті іле-шала маяға салу, сүрлеу тыңғылықты ұйымдастырылған. Бұл жұмысқа 30-ға жуық колхозшылар бөлінген. Олар тырнауышпен, ат-арбалармен қамтамасыз етілген. Мұның өзі колхозда аз уақыттың ішінде шабылған шөптің 75 процентін маяға салуға мүмкіндік туғызды.

Колхоздың техниканың қуатын сарқалы пайдалана білген машинашылары қажырлы еңбектің тамаша үлгілерін көрсетуде. Машинашы Василий Пионтневич жолдас шөп шабуға күндік тапсырманы 120—130 проценттен орындап келеді. Онымен социалистік жарысқа түскен машинашы Николай Елсепачев жолдас күніне 25—30 гектар жердің шөбін шауып келеді.

Сол сыяқты, мал азығының біржарым жылдық қорын жасау жолындағы жарыс

Балинин жолдас хоздарда дағы әрқай гектардан

Алайда, шабу жұмыс бірдей еме гын дайылықтерін б салға «Пу артелін ал хозда жемі

мал басын Солай бола шөп шабуға алып, с білмеді. Ұс мен қамта рын жөндеу ларды бөлі көзір шөп рап отыр.

ленген кү лап та ор колхозда і қанағаттап

Жемшөп лып отырғы барлық кү отырып, п туғызуда дағыларға



# және оларға қарсы күрес

ың эконо-  
ен тұрмы-  
етүрлерін-  
емірінде  
юция бол-  
ени өрісі  
көпшілігі  
ғұрыптар-  
ы бағала-  
алдында  
истік сам-  
мдылығы  
адамдары  
ғни адам-  
аянды ету  
н, әдет-  
рлізү ру-  
ам орнау  
Совет  
ғұрыптар-  
құрылысы  
ға қарсы  
ет- ғұрып  
Әйбекшілер  
-ғұрыптар-  
дың бұй-  
декреттія  
жуазиялық  
өне қыйын  
е, деп В. И.  
омалар, 31  
қалған  
ғарды, дә-  
ойып, совет  
е беру жо-  
тар істелді,  
тура келе-  
рыптардың  
алдықтары-  
өтелік.

өзін-өзі жұбатады. Діни шариғатты орындағанда адамдар, көп жағдайларда діншілдіктен емес, тек дағды бойынша істейді, немесе діни әдет-ғұрыптың орындалуына шаруашылық көзімен қарайды. Шаруалар, Сталин жолдас айтқандай, құдайға шаруашылық көзбен қарайды, былайша айтқанда олар «кейде құдайдан безуден де тайынбас еді, бірақ оны көбінесе күдік жегідей жейді: «кім біледі, бәлкім, құдай шынында да бар шығар; шаруашылыққа пайдалы болуы үшін коммунистің де, құдайдың да көңілін ауласа дұрыс болмас па екен», — деп ойлайды» (6 том, 349 бет).

Дағдының күші, әдет-ғұрыптың күші өте хауіпті күш екенін Ленин айтқан болатын. Кейбір адамдар социалистік санасы артуға байланысты ескі әдет-ғұрыптардың зиянын көріп көзі жетсе де, сол әдет-ғұрыптардан бастартып шығуда осалдық істейді, ескі дағдымен жүре тұрса да болады деп ойлайды. Мұндай адамдар төңірекке қарайды, жұрт не істеп жатыр екен дейді, жаңалықтың бәріне, тоғышардың ажарсыз қалыпты тұрмысының шегінен асып кететін нәрсенің бәріне тосырқап қарайды, «байқау керек, жазатайым бірдеңе болып кетіп жүрмесін» деп орынсыз сақтанады.

Дін атаулы әйелді әлеуметтік езудің құралы болып келді. Аналық правоның құлатылуы, дейді Энгельс, әйел жынысының дүниежүзілік тарихи жеңілісі болды. Ер үй ішінде де бас болу тізгінін қолына алды, ал әйел өзінің бұрынғы ардақты дәрежесінен айырылды, ерінің құмарлығының күңіне, бала табудың жәй құралына айналды. Әйелдің ерте заманнан басталған осы бипшаралық күйі, бірте-бірте екіжүзділікпен боямаланды, діни әдет-ғұрыптармен нығайтылды, кей жерлерде неғұрлым сыпайы түрлерге айналдырылды, сөйтіп, бүкіл тап-

айтуға келмейтін өте өнімсіз, ұсақ жұмыстармен олардың еңбектерін ысрап, қылын отыр деген еді. Тек осы ұсақ үй шаруашылығына қарсы бұқаралық күрес басталған жерде ғана, бұл ұсақ шаруашылықты ірі шаруашылыққа айналдыратын жаппай қайта құрылыс басталған уақытта ғана әйелдерді шындап азат ету ісі, шын коммунизм басталмақ деп көрсеткен еді.

Содан бері большевиктер партиясы мен совет өкметі бұл бағытта орасан көп жұмыс істеді. Әйелдерді іс жүзінде азат ете алатын шаралар есебінде мыңдаған қоғамдық асханалар, кір жуатын орындар, бала бақшалары, яслилер ашылды. Бұл мекемелер арқасында сан миллиондаған әйелдер қоғамдық өндіріс пен қоғам өміріне еркін араласуына мүмкіншілік алды. Оның үстіне еркектер үй шаруашылығын тек әйелдің жұмысы деп қарайтын әдеттен арылып келеді.

Совет мемлекеті жас ұрпақтың кең көлемді білім алып, барлық жағынан жетілген адам болып шығуына мүмкіншілік берді. Біздің оқу орындарымызды жыл сайын жүз мыңдаған жастар бітіріп шығып жатады. Осындай жағдайда қазақ қыздарының оқуына бөгет жасау сыяқты надандық әдеттердің кей жерлерде кездесуі жантүршігерлік оқығға.

Қай дін болса да — пролетарлық интернационализмнің жауы. Бұрын, дүние ежелден мәдениетке икемі жоқ төменгі және мәдениетті, жоғарғы нәсілге бөлінген, төменгі нәсілді жоғарғы нәсіл қанауға тиіс деген ой орын теуіп келді. Онымен қатар бұрын езілген халықтарды азат етудің бірден-бір жолы—буржуазиялық ұлтшылдық жолы ұлттарды бір-бірінен ажыратып, түрлі ұлттардың еңбекшілер бұқарасы арасындағы ұлт араздығын күшейту жолы болып табылады деген пікір орын теуіп келгені мәлім. Ұлт араз-

# Қой шағылыстыру ұйымдасқан түрде өткізілсін

Көктемгі - жазғы қой шағылыстыруды ұйымдасқан түрде және ойдағыдай өткізу — жыл аяғына дейін қосымша тәл алудың, қолхоздардың қой шаруашылығын өркендетудің және бұл жөніндегі жоспарды толық, асыра орындаудың басты шарты. Мұны өткен жылы алдыңғы қатарлы қолхоздардың жұмыс тәжірибелері іс жүзінде көрсетті. 1951 жылдың соңғы үш айы ішінде облыс қолхоздары қосымша 32 мың қозы алды, сөйтіп, қой санының 31,4 процент көбеюіне жетісті.

Өткен жылы көктемгі - жазғы қой шағылыстыру жұмыстарын әресе, Приешім, Кониюхов, Полудень және Мамлют аудандарының қолхоздары ойдағыдай өткізді. Бұл аудандардың қолхоздары 1951 жылы әрбір саулықтан қозы алу жөніндегі міндеттемелерін мінсіз жүзеге асырды. Демек, Приешім ауданының қолхоздарында 1951 жылдың төртінші тоқсанында 4600 қосымша қозы алынды, ал, ауданда қой өсірудің үшжылдық жоспары 113,7 процент орындалды.

Бұл ауданның көктемгі-жазғы қой шағылыстыруды ойдағыдай өткізген бірқатар қолхоздары бұдан да жоғары көрсеткіштерге жетті.

Алайда, өткен жылы көктемгі - жазғы қой шағылыстыруды өткізуде елеулі кемшіліктер де кездеспей қойған жоқ. Бірқатар қолхоздардың басшылары бұл жұмысқа немқетті қарап, оны ойдағыдай ұйымдастыра алмады. Соның салдарынан Булаев, Петропавл және Совет аудандарының қолхоздары өткен жылы қой өсірудің мемлекеттік жоспарын орындаған жоқ.

Ленин, Преснов аудандарының қолхоздарында да жағдай дәл осындай болды. Мұның өзі кейбір аудандардың мал шаруашылығы мамандарының және қолхоз басқармаларының қой шаруашылығын

түйінді мәселесі. Сондықтан да әрбір қолхоз, әрбір ферма қолайлы уақытты пайдалана отырып, көктемгі-жазғы қой шағылыстыруды ұйымдасқан түрде өткізудің шұғыл шараларын қарастыруға тиіс.

Көктемгі - жазғы қой шағылыстыруам үлгілі өткізу үшін қойларды қолдан ұрықтандыратын пункттерді әзірлеу, жоғары өнімді, биязы жүнді қошқарлар бөлу қажет, оларды құнарлы және аралас жемшөппен азықтандыру керек. Өйткені, қошқарлар күйлі, неғұрлым асыл тұқымды болса, солғұрлым қойдан тұяққа-тұяқ тәл өсіруге болады. Сонымен қатар, қосымша алынған төлдерді аман сақтау үшін оған жылы, жарық үй әзірлеуді де ұмытпауға болмайды.

Быйылғы жылы бірқатар қолхоздар төл алу кезінде елеулі олқылықтарға жол берді. Саулықтардың қысыр қалуы, немесе іш тастауы кездесті. Солай болғандықтан да үстіміздегі жылы көктемгі-жазғы қой шағылыстыруды ойдағыдай өткізіп, жыл аяғына дейін қосымша төл алынуын қамтамасыз етудің маңызы орасан зор. Өйткені, бұл шараларды жүзеге асырып, қосымша төл алынбаса, кейбір қолхоздарымыздың қой өсіру жоспарын орындай алмау хауіп туып отыр. Осыған байланысты қолхоз басқармалары істе орын теуіп отырған кемшіліктерден тиісті қорытынды жасап, көктемгі-жазғы қой шағылыстыруды өткізуге қолхозшы шаруаларды жұмылдыра білулері керек.

Облыстық Советтің атқару комитеті қолхоздарда көктемгі - жазғы қой шағылыстыруды өткізудің жоспарын белгілеп, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің алдында тұрған басты міндетті атап көрсетті. Ауылдық-селолық Советтер, олардың депутаттары мен активтері қолхозшылардың қалың бұқарасымен тығыз бай-



мың есе күшті, қарапайым еңбекшілер бұқарасын күн сайын, сағат сайын нағыз сұрапыл азаптарға, нағыз айуантық бейнеттерге ұшыратып отыратын капитализмнің соқыр күштері құдай туралы ұғым турғызды, сол ұғымды нығайта берді. Діннің шырмауындағы адамдар құдайды жайшылықта үнемі ойлай бермейді, бірақ оны басына қорқыныш тұғанда еске түсіреді. Мұны діншіл адамдардың соғыс пен қуаңшылық кезіндегі, жанашыр адам ауырғандағы немесе, тіпті күн қатты күркіреп тұрған кездегі кейбір мінезі айқын сыйпаттайды.

Қанаушы таңтар өздерінің өмірін құдайға сүйеніп жүргізеді. Олар қаналушы адам күйіт етсе «күнә болады» деп қорқытады. Құдай — қанаушылардың қолындағы үстемдік жүргізетін құралы.

Енді ол дүние жөніндегі сенімге келсек, дін еңбекші адамды: бұл дүниеде неғұрлым көп бейнет көрсен, қанау бұғауына шыдасаң, ол дүниеде жұмаққа барасың, құдай ол дүниеде жарылқайды деп жұбатады, қысқасы алдайды.

Әрбір діннің қанаушылар үстемдігінің мызғымастығын сақтай беруге бағытталған көзқарасы осы екі сенімге негізделіп жасалған. Дін былай істесен дұрыс болды, жұмаққа барасың, тайып кетсең күнә болады, тамұққа түсесің, деп еңбекші адамды тежеп отыратын әдет-ғұрып ережелерін, шариғаттар жасап шығарды. Дін қанау қоғамындағы еңбекші адамды үстем тапқа тиімді ойлардың, дағдылардың әдет-ғұрыптардың ықпалында ұстап тұру үшін барлық шараларды қолданады. Дін ғасырлар бойы қанаушылар үстемдігінің мызғымастығын дәріптеп, еңбекшілер бұқарасын рухани қайыршылыққа, үмітсіз құлдыққа ұшыратып келді. Капиталистік дүниедегі жағдай кәзірде де сондай болып отыр.

Біздің советтік социалистік қоғамдағы жағдай мүлде өзгеше. Октябрь социалис-

Ораза бігісімен ораза айты бар, біраздан соң құрбан айты келеді. Дінбасылары құрбанға мал сойылмаса айтың шарты орындалмайды, сауабы кем болады деп құлшына сөйлейді. Құрбанға неғұрлым көп мал сойылса, молдаға соғұрлым пайдалы, өйткені сол малдардың терілері мен таңдаулы мүшелері молданікі.

Ислам дінбасыларының ораза ұстау әдеті Алланың өмірімен белгіленген деп таратқан ертегісі шығғый өтірік екенін айта кету керек. Шынында Аравияның кейбір тайпалары Ислам діні шықпастан бұрын, Мухамед пайғамбар Алла деген құдай бар, одан басқа құдай жоқ деп жарияламастан көп бұрын ораза ұстайтын. Құрбан шалу мен намаз оқу да Мухамедтің жаңалығы емес.

Дінбасылары өздерінің құлқын тілегімен түрлі-түрлі салықтар жыйнау тәртібін ойлап шығарған. Ондай салықтар түгелдей дерлік поштардың, молдалардың қалтасына түседі. Ислам дініне жан басына, мал-мүлікке, жерге салынатын, ораза кезінде, адам өлгенде алынатын және басқа да толып жатқан салықтар болғаны, қысылғанда, хауіп төнгенде құрбан шалып, садақа беру керек болғаны еліміздегі қарт адамдардың әлі есінде. Дін салықтарын төлеу, қысылғанда құрбан шалу немесе садақа беру әдет-ғұрыпты құрып бітіп келеді. Дегенмен оңай олжа түсіруді ойлап, пітір төлеудің, құрбан шалудың, садақа берудің қажеттігін жұрттың есіне салу сыяқты лас кәсіппен айналысып жүрген молдасымақтар әлде де некен-саяқ кездеседі. Мұндай молдалар адам өлген кезде де белсенділік көрсетеді, өлікті дін жолымен қойғызуға, мал сойып, намаз шығартуға тырысады. Амал не, өлікті дін жолымен қою молдасы жоқ жерде де кейде кездеседі. Мұны істеткізетін — дағдының күші. Мұндайда адамдар «бұрын өлікті осылай қоюшы еді ғой, басқаларда сөйтіп жатыр ғой» деп

Әйел теңдігін аяққа басып келген проволық және діни тәртіптердің бәрін Октябрь революциясы кул-талқан етті. Біздің революциямыз әйелдерді күндіктен азат етіп, толық проволы адамдар қатарына қосқан бірден-бір революция болды. Әйелдер еліміздің саяси, шаруашылық және мәдени өмірінің барлық салаларында ерлермен бірдей орын алды. Сталин жолдас БК(б)П-ның 17 съезіндегі баяндамасында «еңбекші әйелдердің өсіп келе жатқан қоғамдық белсенділігін, олардың басшы орындарға жоғарылауын біздің мәдениетіміздің өсуінің үлкен белгісі деп құттықтауымыз керек» деді.

Совет адамдарының әйелге көзқарасы, біздің коммунистік моралімізге қарай мүлде өзгерді. Әйелдерді ерлермен бірдей бағалап қадірлеу совет халқының дәстүрлі салтына айналды. Сондықтан ескі әдет-ғұрыптардың шырмауындағы кейбір артта қалған адамдардың әйелді қорлау сыяқты қылықтарын совет адамдары біздің социалистік салтымызға жатпайтын тағылық деп қатты сөгеді.

Партия-бұқаралық жұмысы ақсаған жерде, ескі әдет-ғұрыпқа қарсы қоғамдық пікір ұйымдастырылмаған жерде әйелге көзқарастағы маскара фактыларға мүмкіншілік туатындығы айқын нәрсе.

Әйелдердің қоғамдық өмірдегі тең проволылығын тұрмыстың барлық саласындағы, әсіресе үй шаруашылығындағы жағдайларын жеңілдетумен толықтыру қажеттігі жөніндегі мәселеге тоқтамай кетуге болмайды. В. И. Ленин өзінің «Ұлы бастама» деген тарихи мақаласында: барлық азат етуші заңдарға қарамастан, әйелдер, әлі де болса, үй ішінің күңлігінен шыға алмай отыр, өйткені ұсақ үй шаруашылығы оларды жаншыл, тұңшықтырып, топастандырып, едесін көтертпей отыр, олардың ас пісірумен, бала күтумен қолын байлап, жан кейітетін, топастандыратын, жанышатын, ауызға

Қалың бұқараға дүниенің құрылысы, табиғат құбылыстары жөніндегі материалистік көзқарас мағлұматтарын тарату, әлемнің құрылысы, күннің және жердің шығуы, астрономиялық құбылыстар, өмірдің пайда болуы және дамуы, адамның шығуы, адам денесінің құрылысы, өсімдіктер мен айуанаттардың шығуы және олардың өмірі, егін және мал шаруашылығының ғылыми негіздері, егіннің шығымдылығы мен мал шаруашылығының өнімін арттырудың шаралары, табиғатты өзгертудің сталиндік жоспары, коммунизмнің ұлы құрылыстары туралы түсінік беру діни қалдықтарды жою жұмысын жеңілдетеді.

Діни әдет-ғұрыптарға қарсы күрестің өте маңызды бір құралы сын мен өзара сын болып табылады. Ұлтшылдық, әйелге айуандық көзқарас, өмірдегі жаңалыққа тосырқап қараушылық сыяқты дінмен астарланған қылықтар қатты сыналып, аласталып отыруға тиіс. Мұнымен қатар діннің реакциялық мәні де үнемі сыналып отыруға тиіс. Дінді сынау дегеніміз — оның ғылымға қарама-қарсы екендігін бадырайтып көрсету. Дінді сынау дегеніміз — оның коммунизмге жат екендігін көрсету. Дінді үнемі сынау адамдарымыздың діни әдет-ғұрыптардан арылуын жылдамдатады.

Дінге және діни әдет-ғұрыптарға қарсы күрес — совет адамдарының баршасын марксизм-ленинизмнің ұлы идеялары рухында тәрбиелеу үшін күрес — коммунизм құрылысы ісін табыспен алға апару үшін күрес. Совет адамдарының капитализмнің адам санасындағы қалдықтарынан, ескі әдет-ғұрыптардан арылу ісі, олардың социалистік санасының артуы табысты болған сайын біздің коммунизмге қарай қозғалысымыз жеңілдей береді.

**Ә. КӘКІМЖАНОВ.**

(«Социалистік Қазақстан»нан).

жетіжылдық мектеп  
Булаев ауданында Советінің қарамағын жылдық және алты бар. Кәзір осы мектеп жылына әзірлеу жұмыстар жүргізілуде.

Кәзір селолық Советтердің барлығын жөндеу жұмыстары гзізілуде. Чистов совет жанындағы 4 бөтеп үйі жөнделіп біті 80 парта, 4 класдар мен орындықтар

**«УДАРНИК»** к

Бүгін және күн са  
«ТІРІ»  
(2-сеп  
Сеанстар сағат 6-8

**ПЕТРОПАВЛ**

Оқуға жетіп түсем деушілер жылы туралы қан болуы керек сын (ол да аны баянын және 3-Өтініштер о 15 августан ша), қазақ тілін қоса, ауызша ж алынады.

Оқу отлични 4 деген бағаме Мұқтаж оқу Училищеде тушылар даярл бақшалары үшін

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция — 1-87, редакторлар бюросы — 1-88, редакторлар бюросы — 1-89, редакторлар бюросы — 1-90, редакторлар бюросы — 1-91, редакторлар бюросы — 1-92, редакторлар бюросы — 1-93, редакторлар бюросы — 1-94, редакторлар бюросы — 1-95, редакторлар бюросы — 1-96, редакторлар бюросы — 1-97, редакторлар бюросы — 1-98, редакторлар бюросы — 1-99, редакторлар бюросы — 1-100. Газет баспасы — 0-22, газет табыс еті